



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесінің отырысы Бейжіңде өтеді

Бұл туралы «Самұрық-Қазына» басшысы Нұрлан Жақыпов пен Қытайдың халықаралық сауданы дамыту жөніндегі кеңесінің (ҚХСДК) төрағасы Жэнь Хунбин және қытайлық ірі бизнес өкілдерінің кездесуінде айтылды.

Екі елдің өкілдері Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесінің 8-отырысын жоғары деңгейде ұйымдастыру жөнінде талқылап, ой-пікірлерін ортаға салды. Алқалы жиында алдағы уақытта Қытай астанасы Бейжіңде өткізу жоспарланып отыр.

Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесі-екі елдің бизнес өкілдері үшін қарым-қатынас орнатып, диалог жүргізетін алаң. Мақсаты-мемлекеттердің сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтас-тығын жандандыру.

«Қытай – еліміздің сауда және инвестициялар бойынша басты серіктестерінің бірі. Соңғы 20 жылда ол Қазақстанға 25 млрд АҚШ долларынан астам қаражат құйған. Осылайша, ел экономикасындағы төртінші ірі инвестор атанып отыр. Бүгінгі таңда республикада көршілес мемлекеттің қатысуымен 4 мыңнан астам ұйым тіркелген», деді Қор басшысы Нұрлан Жақыпов.

Көршілес мемлекеттен кел-

ген делегацияның құрамында CITIC, PetroChina International Co., Ltd, Sinopec Group, YTO Express, China National Offshore Oil Corporation, Tai'an Jiuzhou Jincheng Machinery Co. Ltd сияқты алпауыт компаниялардың өкілдері болды. Іскерлік кеңестің кезекті отырысынан бөлек, тараптар өзара серіктестік мәселелерін, ортақ жобалар мен ынтымақтастықты тиімді жалғастыру жолдарын талқыла-ды.

Ұлттық әл-ауқат қоры ҚХСДК-мен бірлесіп Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесінің ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асырады. Әрі қор басшысы Нұрлан Жақыпов және CITIC Group директорлар кеңесінің төрағасы Си Гуохуа – осы кеңестің тең төрағалары.

Өткен жылы Қытай президенти Си Цзиньпиннің Қазақстанға сапары аясында Астанада іскерлік кеңестің 7-отырысы өткен еді. Сол кезде жалпы сомасы 3,7 млрд АҚШ долларына 45 құжатқа қол қойылған.

Қос тарап мұндай тиімді нәтижелерден кейін стратегиялық серіктестікті нығайтып, жаңа бірлескен жобаларды құру үшін өзара жұмыстарды белсенді жалғастырамыз деп отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев UAE SWAT Challenge сайысында топ жарған күштік құрылымдардың бір топ офицерін марапаттау рәсімінде сөз сөйледі.

Биыл Дубайда өткен дүбірлі додаға Қазақстан атынан 12 команда қатысқан. Ішкі істер министрлігінің «Сұңқар» және «Томирис» командалары халықаралық жарыстың күміс жүлдегері атанды. Ал Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «Арыстан» командасы төртінші орынға ие болды. Мемлекеттік күзет қызметі мен Қорғаныс министрлігінің командалары да шеберліктің үздік үлгісін көрсетті.

Мемлекет басшысы жең-



Қасым-Жомарт Тоқаев күштік құрылым қызметкерлерін марапаттады

імпаздарды құттықтап, бұл табыс тиянақты дайындық пен қажырлы еңбектің нәтижесі екенін атап өтті.

«Елдің атын ер шығарар» деген. Сайыпқыран сарбаздарымыз көк туымызды жоғары желбіретті. Төрткүл дүние жауынгерлеріміздің мықтылығына куә болды. Біз сіздерді мақтан тұтамыз. Осындай жеңісті сәттер барша халқымыздың, әсіресе, өскелең ұрпақтың рухын көтереді. Ел қорғаны мықты

болса, Қазақстанның еңсесі әрдайым биік болмақ», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев халқымыздың ерлік дәстүрі тереңде жатқанына назар аударды.

«Биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығын атап өтеміз. Бұл – бостандық пен әділдік ұғымдарын ту етіп, майданда жанқиярлықпен шайқасқан, тылда еңбек еткен барша қазақстандықтарға көрсетілген құрмет. Батырларымыз-

дың теңдессіз ерлігін ұрпақ жадында сақтау – парызымыз. Бүгінде сіздер жауынгер халықтың ұрпағы ретінде Отан алдындағы қасиетті парызды терең түсініп, адал қызмет етіп жүрсіздер. Бәріңіз де еліміздегі бейбіт өмірді сақтау үшін табанды еңбек етіп келесіздер. Сіздерді заң мен тәртіп сақшысы деуге толық негіз бар. Заң мен тәртіп – әділетті әрі қауіпсіз мемлекеттің өзегі», деді Президент.

Жеңілдетілген несие жауапкершілігі жоғары дихандарға беріледі

Үкіметте көктемгі егіс жұмыстарына дайындық барысы қаралып, Олжас Бектенов тиімділігі мен жауапкершілігі жоғары дихандарды қолдауға ғана жеңілдетілген несие беруді тапсырды.

«Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында экономикалық өсуді қамтамасыз етуде аграрлық сектор ерекше орын алатынын атап көрсетті. Экспортқа шығатын және нарықта сұраныс жоғары, көбірек табыс әкелетін дақылдардың алқаптарын кеңейтуге басымдық беру қажет», деді Олжас Бектенов.

Сонымен қатар биыл егіншілік саласын қаржыландыру көлемі 700 млрд теңгеге дейін ұлғайтылған. Лизингке жұмсалатын қаражат 200 млрд теңгеге жеткізілді. Жеңілдіктен 400 мың тоннадан астам дизель отыны бөлінген.

«Мемлекет егіс науқанын ойдағыдай өткізу үшін қажетті шаралардың барлығын қабылдады. Жұмыстарды нәтижелі әрі ұйымдасқан түрде жүзеге асыруымыз қажет. Ауыл шаруашылығы министрлігі жеңілдетілген несиені тиімділігі мен жауапкершілігі жоғары дихандарды қолдауға ғана беруі керек. Егіншілерді сапалы және тексеруден өткен тұқым қорымен қамтамасыз ету маңызды. Ол үшін бірінші кезекте, отандық өндірушілерді ынталандыру қажет», деп атап өтті Премьер-министр.

Ауыл шаруашылығы министрлігіне аталған мәселені сапалы үйлестіруді қамтамасыз ету тапсырылды.

«Созақ үні»-ақпарат.



Сенат Төрағасы ҚХР елшісімен кездесті

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев таяуда еліміздегі дипломатиялық миссиясы басталған Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Хань Чуньлинмен кездесті.

Сенат Спикері бүгінде екі ел арасындағы қарым-қатынас жан-жақты мәңгі стратегиялық серіктестіктің бұрын-соңды болмаған деңгейіне жеткенін атап өтті. Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев елші Хань Чуньлиннің дипломатиялық миссиясы екіжақты ынтымақтастықтың жаңа «Алтын дәуірімен» тұспа-тұс келгеніне назар аударып, мұның символдық мәні зор екенін тілге тиек етті

және алдағы уақытта көпжақты байланыс одан әрі нығая түсетініне сенім білдірді. Сұхбат барысында қазақ-қытай ынтымақтастығын арттыруда екі ел басшыларының достық қарым-қатынасы шешуші рөл атқарып отырғаны және соның арқасында бүгінде маңызды келісімдерге қол жеткізілгені сөз болды.

«Елдеріміздің басшылары арасындағы тығыз және сенімді диалог стратегиялық серіктестікті нығайту жолында айрықша рөл атқарады. Жоғары деңгейдегі тұрақты кездесулер мен өзара сапарлардың нәтижесінде маңызды келісімдер жасалды және бірқатар

перспективалы екіжақты құжаттарға қол қойылды. Осындай қарқынның арқасында Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас дамудың жаңа «алтын дәуіріне» қадам басып отыр. Біздің басты міндетіміз – Мемлекет басшылары деңгейінде қол жеткізілген уағдаластықтарды тиімді іске асыруға ықпал ету», деді Мәулен Әшімбаев.

Сенаттың баспасөз қызметінің мәлімдеуінше кездесуде тараптар жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша Қазақс-

тан мен Қытайдың ұстанымдары ұқсас екеніне тоқталды. Сондай-ақ парламентаралық, БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК сияқты халықаралық және өңірлік ұйымдар аясындағы өзара іс-қимыл шеңберінде жаһандық даму және жалпыға бірдей қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен бастамаларға мән берілді.

Өз кезегінде Елші белсенді өзара іс-қимыл үшін алғыс білдіріп, Қазақстанда жүргізіліп жатқан қоғамдық-саяси жаңғыртуларды жоғары бағалады. Сондай-ақ Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін жеткізді.



БОС ЖҰМЫС ОРНЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ

Созақ аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде азаматтарды жұмыспен қамту мәселесіне арналған бос жұмыс орны жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Шара барысында аудан әкімінің орынбасары Алтын Ешанқұлова жәрмеңкенің басты мақсаты азаматтарды тұрақты жұмыспен қамту екенін атап өтті. Сонымен қатар, «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында адал әрі жауапкершілікпен жұмыс істеген бірқатар коммуналдық сала қызметкерлерін аудан әкімінің алғыс хатымен марапаттады. Сый-сияпат табыс етіп, құрмет көрсетті.

Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Дулат Байзақов жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілерге арналған бағдарламалардың тиімділігін арттыру бағытында атқарылған жұмыстар туралы ақпарат беріп, жәрмеңкеге қатысушы азаматтарды бос жұмыс орындарына орналасуға шақырды.

Кездесу барысында азаматтар мамандарға сұрақтар қойып, қажетті ақпараттар алды.

Айта кетейік, жәрмеңкеге пробация есебіндегі, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, алимент бойынша берешегі бар және мүмкіндігі шектеулі азаматтар да қатысты. 23 жұмыс беруші мекемеден 168 жұмыс орны ұсынылды. Бұған қоса, Волковгеология акционерлік қоғамы №5 Геологиялық барлау экспедициясы, «KAPLOGISTICS» ЖШС «Орталықтандырылған автотасымалдау базасы» филиалы, «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ, «Шолаққорған-Су» МКҚК өкілдері де қатысты.

Жасөспірімдер арасында буллинг пен кибербуллингтің алдын-алу



Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ мен «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» әлеуметтік орталығының әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу бөлімшесінің ұйымдастыруымен Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінде «Аудандық ардагерлер кеңесінің» төрағасының орынбасары, ардагер ұстаз Иманбеков Мұхамедәлі, «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» әлеуметтік орталығының әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу бөлімшесінің, әлеуметтік маманы Саржанов Біржан Рысбайұлы, «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» әлеуметтік орталығының әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу

бөлімшесінің, психолог маманы Ыдырысова Құралай және «Жастар ресурстық орталығының» психолог маманы Ниязәліқызы Ләйланың қатысуымен жоғары сынып оқушыларына «Жасөспірімдер арасында буллинг пен кибербуллингтің алдын-алу» тақырыбында жиналыс өткізілді.

Жиналыс барысы, тақырып аясында бейнеролик көрсетілімі ұсынылды, қонақтар тақырып аясында өздерінің ой-пікірлерін айтып, оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді және мектептің психолог маманы Г.Аманбекова психологиялық тренинг жүргізді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Үміт шырағын жаққан Асар-Үме

Қаңтар айының соңғы күндері Аққолтық ауылында төтенше жағдай орын алып, бүтіндей бір отбасының баспанасының күлі көкке ұшып, қыстың көзі қырауда қиын жағдайда қалған еді. Ел іші алтын бесік, ауылдас-ағайын, ынтымағы жарасқан Созақ елі бар емес пе? Әйтеуір өз ұлдарын өзекке теппей қолдарынан келгенше жәрдемдерін беріп, қол

оқытуды қамтиды. Соңғы бес жылда «Асар-Үме» қоры 1184 отбасыға және 6316 балаға тұрғын үй алуға көмектескен екен. Аты айтып тұрғандай үме - үлкен-кіші, бай-кедей деместен ел болып жасалатын қайырлы шара. Ал асар деген ауыл ішінде, ағайын-көршілермен бірлесе жасалатын іс. Бүгінгі тірлік үмеге саяды. Қазақтың «үме-жүме болып жа-

Президент жанындағы жастар саясаты қоғамдық кеңесінің мүшесі, «Асар-Үме» қоғамдық қорының директоры Асхат ініміз келіп отыр. Созақ елі қашанда ауызбіршілік пен ынтымақтың құтты мекені. Сондықтан да ауызбірлік пен ынтымақ бар жерде қиындықтар сырылып кейін қалады,-деді аудан әкімі.

-Созақ жерін қазақ хан-



ұшын созды. Апат айтып келмейді демекші аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков апат болған күннен бастап сол қаралы шаңырақтың басы қасында болып де-меу танытты.

Әлеуметтік желі арқылы құлақтанған аудан азаматтары бір сәтте қарап қалмады. Осы аптаның сейсенбісі күні Алматы қаласында жүріп осы суыт хабарды есіткен «Асар-Үме» қоғамдық мәдени-ағарту қоры алып ұшып Созақ еліне жетті. Аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында аудан активі мен аудан жұртшылығының қатысуымен аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков пен аталмыш қордың басшысы Асхат Нұрмашевтың қатысуымен шағын бас қосу болып өтті.

Қоғамдық мәдени-ағарту қоры «Асар-Үме» 2019 жылы құрылған және қиын өмірлік жағдайға тап болған аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға қолдау көрсетумен айналысады. Қордың негізгі миссиясы-елдің қауіпсіздігімен өркендеуін қамтамасыз ету. Қордың қызметі аз қамтылған отбасыларға тұрғын үй беру, психологиялық қолдау көрсету, өзін-өзі жұмыспен қамтуға және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, сондай-ақ осы отбасылардың балаларын дамыту және

тыр екен» дейтіні содан болса керек.

-Құрметті ауылдастар, өткен айда Аққолтық ауылында болған қасіретті жағдайдан барлығыңыз да хабардарсыздар. Одан бері бірнеше апта өтті. Ең бастысы отбасы мүшелері аман. Соған шүкіршілік етейік. Ауыр жағдай орын алған күні күндіз-түні сол оқиға болған жерде болдым. Алты адам зардап шекті. Дереву ауруханаға

дығының алғаш туын тіккен киелі жер екенін бұрыннан білемін. Өзімнің негізгі мамандығым тарихшы. Бүгін осы киелі өлкеге аяқ басқаным өзімді бақытты сезініп отырмын. Болған жайдан бізде хабардармыз. Қоғамдық қор ақылдаса, кеңесе келе ауызбіршілігі мен ынтымағы жарасқан Созақ жеріне қолдау жасауды ұйғарды,-деген қор жетекшісі Асхат бауырымыз қор атынан 7



орналастырдық. Жағдайы ауырлау азаматты санавияция шақырып қалаға жөнелтті. Қазіргі таңда барлықтарының да хабарын біліп отырмыз. Аталмыш жайттан хабардар өндіріс орнының басшылары да қолдауларын білдіріп жатыр. Бір өндіріс орнының басшысы аты-жөнін айтпауды өтініп, бір миллион теңге аударып жатыр. Бүгін ауданымызға

млн теңгенің сертификатын Аққолтық ауылының тумасы Бекжігітов Қалибектің отбасына табыс етті.

Қолдау шаралары мұнымен тоқтап қалып жатқан. Әлі де жалғасып жатыр. Ауызбіршілігі артқан елдің берекесі артады демекші, бірлігіміз бекем, ынтымағымыз ырысты болсын ағайын!

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Ақбикешке айрықша қолдау керек

Созақ өлкесіндегі жеті кереметтің бірі, өткен тарихымыздың куәсі, ауданымыздың айшықты символы саналған Ақбикеш мұнарасын қаптай қалаған сыртқы қабырғасының бір беті опырыла құлағанда руханиятымыздың қабырғасы сөгіліп кеткендей болды. 2025 жыл Созақ мәдениетіне, қазақ мәдениетіне осылай өзінің қара тырнағын батыра із қалдырды. 2015 жылы «Ақбикеш сәукелесін қайта түзесе...» атты мақаламда «Президентіміздің «Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту», «Табигат бірлігі және көшпелі мәдениеттер» өңірлік мәдени-туристік кластерлерін құруды жүзеге асыру тапсырмасы бүгінгі күннің басты күн тәртібінде тұр. Созақ ауданында дүние жүзінде жоқ, қайталанбас тарихи мәдени ескерткіштер бар. Созақ жұртын, жалпы қазақ жұртын сол ескерткіштердің бірегейі-Ақсүмбе ауылындағы Ақбикеш мұнарасының бүгінгі мүшкіл жағдайы алаңдатып отыр. Мемлекеттің қорғауында, қамқорлығында деген тізімнен табылатын мәдени ескерткіш күн санап шөгіп, жауын-шашыннан мүжіліп бара жатыр. Егер барып көрген жан болса, Теріскей өлкесінің тұмары саналатын ескерткіштен жақын уақытта айырылып қалатынын сезінер еді. Ортағасырлық Ақсүмбе мұнарасына 2007 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде төрт рет зерттау, қазба жұмыстары жүргізілді. Осыншама жылдар ішінде мұнараға Археологиялық жұмыстар жүргізілгенімен реставрациялық жұмыстар жүргізілген жоқ.

Бүгін біз барымыздың бағасын бағамдап, қадірін, қасиетін, мәшһүрлік маңызын біліп жатқан жоқпыз. Бұл да біздің салғырттығымыздан, жайбырақаттығымыздан болса керек, ертеңгі күні ешкімнің алдында жауап бермейтіндейміз. Келер ұрпақпен болашақ алдында перзенттік парызымызды, азаматтық борышымызды өтей алмағанымызды қалай ақтап аламыз?» деп жанайқайын білдіргендердің бірі едім.

Осы мақсатта алдымен 2014 жылы «Жас алаш» газетіне (23.10.2014 жыл. №84) «Ақбикеш мұнарасы жетімсіреп жылап тұр» деген тақырыпта өзекті мәселені құзырлы органдарда отырған жауапты азаматтардың назарына ұсындым. Оған жауап болмай, арада бес айға жуықтағанда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаевтың атына хат жаздым. Менің атыма 2015 жылы 12 наурыздағы шығыс хатпен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары С.Қаныбековтен осы хаттың жауабы келді. Онда 2011 жылы Алматы қаласындағы «Қазақ-қайта жаңарту» республикалық мемлекеттік кәсіпорны тарапынан ескерткішке жалпы сомасы 24 млн теңгені құрайтын жобалық-сметалық құжаттама дайындалғанын, алайда облыстық бюджетте реставрациялық жұмыстарға арнайы бюджеттік бағдарлама болмағандықтан келтіріп қалғанын айтқан. Дегенімен, Созақ ауданы аумағында жұмыс жасап жатқан «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК мен Созақ аудандық әкімдігі арасындағы меморандум арқылы мүмкіндік қарастыруға болатынын хабарлаған.

Бұл жауапқа қанағаттанбағандықтан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Қуаныш Айтахановқа зор сенім артып, тарихи ескерткішті қалпына келтіруге қол ұшын беруді сұранып хат жолдаған едім. Көптеген өнегелі істерге ыйытқы болған азаматқа үлкен сеніммен жолдаған хат,

аяқсыз қалмады. Қуаныш Айтахановтың 2015 жылдың 4 қыркүйегінде №9-12-138 санды хатымен төмендегіше мазмұнда жауап келді. «Құрметті Мақсат Жеңісұлы! Менің, Ақсүмбе мұнарасын қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу туралы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Мәсімов мырзаның атына жолдаған депутаттық сауалыма берілген жауапты ақпарат ретінде сізге жолдап отырмын. Құрметпен Қ.Айтаханов» деп қол қойған. Қосымша жолданған хат Қазақстан Республикасының Премьер Министрі К.Мәсімовтің атынан 10.08. 2015 жылы жазылған. Онда «Қазақстан Республикасы Парламенті сенатының депутаттарына. Құрметті депутаттар! Сіздердің Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Ақсүмбе» (Ақбикеш) мұнарасын қалпына келтіру жұмыстарына қаражат бөлу туралы депутаттық сауалдарыңызға келесіні хабарлаймын. Тарихи-мәдени құндылығы бар, XIII ғасырда қарауыл мұнарасы ретінде салынған «Ақсүмбе» (Ақбикеш) Оңтүстік Қазақстан облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген. «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықаралық және республикалық маңызы бар ескерткіштерге меншік иесі өкілеттігін мәдениет және спорт министрлігі жүзеге асырады. Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік иесі өкілеттігі жергілікті атқарушы органдарға жүктелген. Осыған орай Қазақстан Республикасының бюджет кодексында халықаралық және республикалық маңызы бар тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтауды республикалық бюджет есебінен қаржыландыру қарастырылған. Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет объектілерін сақтау облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, Астананың бюджеті есебінен қамтамасыз етіледі. Жоғарыда баяндалғанның негізінде Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігіне берілген тәртіппен «Ақсүмбе» (Ақбикеш) мұнарасын қалпына келтіру шараларын қабылдау жөнінде тапсырма берілді» деген жағымды хабар келді. Сонымен қатар, сол уақыттағы мәдениет министрі Арыстанбек Мұхамедиялымен «Қазақстан» ұлттық телеарна арқылы болған тікелей сұхбатта да осы мәселені тілге тиек етіп сауал жолдаған едім.

Бұл мәселеде Созақ ауданының басшылығы қол қусырып қарап отырмады. Өздерінің өкілеттігі шеңберінде өндіріс орындары арқылы өткен жылы Ақбикеш мұнарасын уақытша қаптап, табиғаттың түрлі жағдайларынан қорғап өз әрекетінше қам жасады. Алайда ол қарекет Ақбикеш мұнарасын құлаудан сақтап қалады деген сөз емес екенін жақсы білдік. Сол жылдардағы маусым жауын-шашынмен басталды. Алдағы айлар жауынды болса, Ақбикештің халі мүшкілдене беретіні анық екенінде ескерттім. Облыс басқарған азаматтың (Б.Сапарбаев) оқып, білім алған мектебіне іргелес тұрған ұлтымыздың ұлық қолтаңбасына тиянақты назар аударылатынына, Үкіметтің өзі облыс әкімдігіне Ақбикеш мұнарасын қалпына келтіру жұмыстарын қабылдау жөнінде тікелей тапсырма берген соң аяқсыз қалмайтынына аудан жұртшылығы үмітті болды. 2016 жылы осы мәселе төңірегінде «Көп түкірсе көп болар» демекші Ақсүмбе ауылының тұрғындары да қарап қалмай ортадан қор құрып,

шамалары келгенше кәсіпкер азаматтарды тартып қорға қаржы түсіруге қам жасап жасағанын да айта кеткеніміз орынды болар.

Сол жылдары көз алдымызда аудан айға, жылдан жылға шөгіп бара жатқан тарихи жәдігердің келмеске кетеріне ішіміз ашыды. Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінің тарих және мәдениет ескерткіштерін қаржыландыруды көздейтін 53 және 54-бабтарында республикалық дәрежедегі ескерткіштер жергілікті бюджеттен қаржыландырылуы тиіс деп көрсетілгендіктен, жобаға қаржы бөлу мәселесі қолдау таппаған еді.

Сол кездегі аудан әкімінің орынбасары, марқұм Бағдат Айдарбековтің төрағалығымен ауыл тұрғындарымен кездесу өткізіп, халықтың демешілігі арқылы 800 мың теңгегеден астам қаржы жинап алдымен ескерткіш мұнара арнайы қаптан тігілген су өтпейтін плаш-палаткамен қапталған болатын. Онда да алғаш болып ауыл қариялары екі қара атап, аяғы қомақты қаржы жиналып қаптау жұмыстары жүргізілді. Алайда ол өз нәтижесін бермеді. Себебі, оның ескерткіш мұнараға химиялық, физикалық кері әсері болды. Бірақ ескерткіш жағдайы күннен күнге тозып, көпшіліктің мұңына айналды. Бұл ескерткіштің республикалық маңызы бар ескерткіштер тізіміне енгенге дейін жаңарту болатын. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі тарапының қолдауымен «Ақбикеш» мұнарасы 2019 жылы 30 мамырдағы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің №156 бұйрығымен республикалық дәрежедегі ескерткіштер тізіміне енгізілді. Содан 2019 жылы 23 сәуірде екі жақты келісім шарт түзіліп қайта жаңарту жұмысын бастайды. Тапсырыс беруші «Ақбикеш мұнарасы» қоғамдық қоры (қоғамдық қордың басшысы Орынбасар Орынбаев). Жобасын ұйымдастырушы «Қазреставрация» ғылыми зерттеу және жобалау мемлекеттік мекемесі болып табылады. Қаржылай қолдау көрсеткен «Қаратау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2 млн 500 мың теңге қаржы аударды. Қайта қалпына келтіру жұмыстарына тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігі екен. Жұмыс жасаушы мекеме «Қазреставрация» ғылыми зерттеу және жобалау мемлекеттік мекемесінің Қызылорда филиалының сол уақыттағы директоры Мұратбеков Нұрболат деген азамат болатын. Сол жылы мұнараны айнала көтеріп қалаған құрылыс жұмыстары аяқталды. Құрылыс жұмыстарына сырттан төрт адам, Ақсүмбе ауылынан екі жергілікті азаматтар қол ұштарын созды. 2021 жылдың 25 қаңтарында, яғни, осыдан тура төрт жыл бұрын «Ақбикеш мұнарасы айнала қоршалды» деп қараша халықтан сүйінші сұраған болатынбыз.

Қараша айының аяғында Ақбикеш мұнарасын көріп қайтқан болатынмын. Айнала кеткен-түскен жерлері сыланғанын көрдім. Артынша қаңтар айының басында жергілікті ауыл азаматтары хабарласып, «Ақбикеш кесенесінің тау жақ бетінің сылағы құлап қалыпты» деді. Жұмыс жасаушы мекеме директоры Мұратбеков Нұрболат деген азамат басқа жұмысқа ауысып кетіп, мұнараның қалануы, қайта сылануы басында бастан аяқ жүрген Марат есімді инженеріне телефон соғып едім көтермеді. Сосын қазіргі директоры Жанболат Қалиақпаровпен телефон арқылы байланыстым.

«Қараша айында трещина түскен жеріне маяк қойып, кеткен жерлерін сылап жөндеп кеткен болатынбыз. Осадқа беріп жатыр. Осадқа тоқта-

ғанша жөндеп тұрамыз. Әбден өзі орнығып отырғанша біздің бақылауымызда болады. Әрбір барып келген сайын лайын, топырағын лабораторияға өткізіп сынама алып отырамыз. Біз мұнараның үш-төрт жеріне маяк қойдық. Трещина болады ма? Болса қанша сантиметрге дейін болады? Қыста топырақтың құрамы өзгереді ме? Жазда қалай болады? Сол маяк бәрінің шешімін тауып бақылап тұрады. Біз ол маяктарды лаборатория қызметкерлерінің ұсынысымен қойдық. Көктемде лаборатория қызметкерлері арнайы келіп қортындысын айтатын болады. Бұрын мұнараның әр жерінде кесекпен қоса қаланған ағаштар тұратын. Ол ескі іштегі мұнарамен сырттағы қапталған екінші қабатты байланыстырып ұстап тұру үшін қойылған болатын. Әбден қатқан соң оны былтыр алып тастадық. Мұнара келесі жылы да біздің бақылауымызда болады,-дейді Жанболат мырза.

Ол уақытта тура осындай бола-рын білсек те алда тұрған міндеттің бірі тарихи жәдігердің айналасын абаттандыру, жарықтандыру және көгалдандыру-көріктендіру, төменнен мұнара басына шығатын баспалдақ орнатылса құба құп болар еді деген ой түйдік. Әлде де қосымша қаржы мәселесін шешіп осы игі істер қолға алынса деген ниетпен осы мәселелерді Жұмыс жасаушы мекеме «Қазреставрация» ғылыми зерттеу және жобалау мемлекеттік мекемесі Қызылорда филиалының жаңа директоры Қалиақпаров Жанболат мырзаға қосымша сауал ретінде қойдым. Ол кісі бұл айтылған қосымша тірліктер бойынша былай деді «Сіздер министрлікке арнайы хат жазып рұқсат алуларыңыз керек. Республикалық деңгейде маңызы бар мұндай тарихи орындарды кім көрінген қалай болса солай өзгертіп немесе маңайына өз беттерінше тірлік істеулеріне тиым салынған» деді. Сондықтан 2023 жылы желтоқсан айының 26-шы жұлдызы Қазақстан Республикасы, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Ғалымқызы Балаеваға арнайы хат жолдауыма тура келді. Міне, бізге осы тұрғыда тарихи жәдігерді қайта қалпына келтіре алатын кәсіби мамандар керек. Ондай мамандар елімізде жоқ деуге болатыны осыдан көрініп тұр. Қазреставрация мекемесі деген ауылдағы ойдан-қырдан құралған асаршылардан тұрмауы керек еді. Әр сантиметрге жауапты кәсіби маман болуы керек. Арзанқол жұмыскердің бұл жерге саусағы да тимеуі тиіс. Біраз азаматтар әлеуметтік желіде белсенділік танытып жатты. Бірақ бірде біреуі өз көздерімен барып көрген жоқ. Өткен аптаның аяғында Ақбикеш мұнарасын айнала қарап, өз көзімізбен көріп қайттық. С.Қожанов өлкетану музейінің директоры Р.Әлжанов, С.Қожанов атындағы орта мектептің М.Әлмахан, ауылдық клубтың меңгерушісі Қ.Әшеновпен Ақбикешке шықтық. Реставрация мекемесі қалаған сыртқы қабаты құлап, ішкі түп нұсқа кесене әзірге орнында тұр. Жоғарыда аты аталған «Қазреставрация» ғылыми зерттеу және жобалау мемлекеттік мекемесі Қызылорда филиалының жаңа директоры Қалиақпаров Жанболат деген жігіт қасына адамдарын алып келіп мұнараны айналдыра сым шарбақпен қоршап кетіпті. Ендігі кезекте Ақбикешке мемлекет тарапынан айрықша қолдау қажет және мықты кәсіби мамандар керек. Үмітімізді үзбейік.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
ҚР Мәдениет саласының үздігі.

Көзі қарақты оқырмандарымыздың білетініндей, 2022 жылдың 28 наурызы күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жолдауымен елімізде жерді қайтару жұмыстары жүріп жатыр. Осыған байланысты ҚР Премьер Министрінің бірінші орынбасары Роман Склярдың хаттамалық тапсырмасына сәйкес, Түркістан облысының пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы және ҚР-ның заңнамасын бұза отырып, пайдаланып жатқан жерлерді алып қою жөнінде Түркістан облысы әкімінің 06.08.2022 жылғы №1-32 өн/қ өкімімен жұмысшы топ құрылып, құрамына аудан, қала әкімдері енген болатын. Осыған орай Созақ ауданы әкімінің өкімімен «Ауда-



бар шектіктерде бар. Атап айтқанда, жайылымдық жерлерге 50 гектар, тәліми егістіктерге 11 гектар, суармалы егістік жерлерге 1 гектардан басталады. Осы конкурсқа қатысу барысында да мал саны бар жоғы туралы анықтама қоса тапсырылады. Анықтамада мал басының саны көрсетіле отырып беріледі. Яғни жайылымды басқару заңында бар және осы заңда көрсетілген тіртіпте жайылымдық жоспарды бекіту көрсетілген. Жайылымдық жоспар 5 жылда 1 рет бекітіліп отырған. Былтырғы жылы Ірі қара малдар мен жылқы, түйелерге бас санына қарай 9 гектар, ал майда малдарға 2 гектардан бекітілген болатын. Қазіргі таңда биылғы бекітетін жоспарымызды өзгертсек деген тұжырымға келудеміз. Сол себепті де әр бір Ірі қараға 15 000 гектарға, ал, майда малдарға 3-4 гек-

Жер қатынастары бөлімінің 2024-2025 жылдары

нымыз бойынша мақсатына сай пайдаланылмай жатқан жер учаскелеріне түгендеу жүргізу жөніндегі комиссия құру туралы» арнайы комиссия 06.04.2022 жылы құрылған еді. Міне, осы жөнінде ауданымызда 2024 жылы атқарылған және 2025 жылы атқарылуы тиіс жұмыстардың жайымен бөлісуі үшін Жер қатынастары бөлімінің басшысы Ғани Пәрдебекұлына жолығып, сұхбаттасқан болатымын. Сұхбат былай өрбіді:

-Ғани Пәрдебекұлы әуелі өзіңіз басшылығына келгеніңізге көп болмаған Аудандық Жер қатынастары бөлімінің атқаратын жұмыстарына тоқталып өтейікші. Жалпы, сіздердің бөлімнің қызметі қандай, қанша маманыңыз бар, аудан халқы білуі тиіс деп тапқан жұмыстарыңызға тоқталып өтсеңіз?!

- Жалпы, біздің бөлім жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырушы органбыз. Жерге қатысты барлық нысандармен заңда көрсетілген тәртіппен жұмыс атқарып келеміз. Бөлімде 15 қызметкеріміз бар және олардың ішінде өзіммен қосқанда 3 ғана мемлекеттік қызметкерміз.

Жыл сайын бөлімге әр-түрлі деңгейде өтініштер келіп тіркеледі. Былтырдың өзінде е-өтініш порталы арқылы 65 өтініш тіркелді. Олардың көбісі компания өкілдері және олардың бірлері пайдалануындағы жерлерінің мерзімін ұзартса, енді бірі жаңадан жер алу мақсатында өтініш білдіруде. Одан бөлек 603 хат тіркеліп осы мақсаттарда 816 шығыс хаттар шығарылды. Бөлімде ауданның жер бөлу жөніндегі комиссиясы бар. Осы ретте, әлгі жаңадан жер алуға ниетті немесе жалға тұрған тұрғын үйлерін жеке меншікке аударғысы келген ауыл азаматтарының өтінішіне қарай құжаттарын осы комиссияға ұсынып отырамыз. Яғни, жер бөлу мақсатында уақыт-уақытымен ҚР Жер кодексінің 43-бабында көзделген тіртіппен комиссия құрылады.

Комиссияның құрамына жергілікті өкілді органның депутаттары, ауданның уәкілетті органының, тиісті жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы, ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері, қоғамдық кеңестердің, агро-өнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдардың және өзге де салалық мемлекеттік емес ұйымдардың, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері, жер учаскесі аумағында орналасқан аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі, жер комиссиясы тұрақты негізде жұмыс істейді. Жер комиссиясы мүшелерінің саны тақ болуға және тоғыз адамнан кем болмауы тиіс. Жер комиссиясы мүшелерінің жалпы санының кемінде елу пайызын құраған жағдайда ғана комиссия өтті деп сана-

лады.

Жер комиссиясының құрамы жыл сайын бекітіліп тұрады. Жер комиссиясының төрағасы болып аудан әкімінің жер мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары тағайындалады. Жер комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Өтініш беруші осы жер комиссиясының оң қорытындысы негізінде жерге орналастыру жобасын дайындайды. Жерге орналастыру жобасының құрамында берілетін жер учаскесінің алаңы, оның шекаралары мен орналасқан жері, жер учаскесінің аралас меншік иелері және жер пайдаланушылар, сондай-ақ берілетін жер учаскесінің ауыртпалықтары мен сервитуттары нақтыланады.

Сонымен қатар, тұрғын үй салу үшін жер учаскесін алудың да біраз тәртіптері бар. 2020 жылдан бастап жер кезегіне тұру қажеттілігі туындап, біраз заңдарға өзгеріс енгізіліп, осы жылдан бастап е.gov порталы арқылы кезекке тұру басталып та кетті. Биылға дейін жер кезегінде 3000 ға жуық адам тіркелуде. Бұл ретте айта кетерім, бізге бақылаушы жетекшілік беріліп, кезекті бақылап отырамыз. Әр ауылдық округтер мен кенттерге тоқсан сайын хат жолдап тұрамыз. Жер алған азаматтар арасында порталдан алып жылжыту жұмыстарын жүргізіп қолдан келгенше ауыл тұрғындарының өтініштерін қанағаттандыруға жұмыс жасаудамыз. Жер талаптарын сақтау ең алғаш тұрғын үй салу үшін жер алу Жер кодексінің 44-1 бап белгіленген талаптары бойынша жүргізіледі. ХҚКО арқылы тиісті ауыл округіне өтініш жазады, аталған өтініш ауылдық округ әкіміне түскеннен кейін, аудан әкімдігінің құрылыс және сәулет бөліміне жолданады. Аталған мекеме тиісті келісуші органдарға жібере отырып, 12 жұмыс күні ішінде келісімдерін жинақтайды. Барлық келісімдеуші органдардан оң нәтиже жинақталған соң қайта ХҚКО-на жүгінеді. Ендігі кезекте жер-кадастрлық жоспары (уақытша өтеулі жер пайдалану құқығымен) жалға қысқа мерзімге, 3 жылға табысталады. Бұдан басқа, ауыл тұрғындары мал жаяуға жайылымдық жерлерлерді де сұрастырады. Оларды алудың да өзіндік заңдылықтары бар. Мәселен, мал жаяу және жем-шөппен қамтамасыз ету үшін жайылым және шабындық жерлер мен егістік жерлерді алу үшін де көптеген сұрақтар кездесіп жатады. Ауыл шаруашылығы мақсатына жер алу осы жер кодексінде 43-1 бабының талаптары бар. Жайылымдарды шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру жөніндегі конкурстық жер учаскелерінің тізбесіне енгізу. Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар ескеріле отырып жүзеге асырылады. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі келісуші органдар мен ұйымдар жалпы санының кемінде төрттен үш оң қорытынды

берген жағдайда келісілді деп есептеледі. Конкурсты өткізу туралы хабарлама тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында және жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында алғаш рет жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, күнтізбелік он бес күн өткен соң бастайды. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау және тіркеу-өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Аталған конкурсқа қатысу үшін Конкурстық ұсыныста: 1. бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны); 2. Шаруашылық-ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер (Бөлім тарапынан жасақталады). 3. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді, оның ішінде жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс. Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады. Осы ауданда, қалада, ауылда, кентте кемінде 5 жыл тұратын адамдарға, ауыл шаруашылығы кооперативтеріне орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес жер учаскесін алу кезінде олардың конкурстық ұсыныстарына қосымша балл беру түрінде артықшылық беріледі.

Айта кетерім, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғарғы) мөлшерін шаруа қожалықтар үшін суармалы жерлерге 10 гектар, жайылымдық жерлерге 2900 гектарға дейін алуға мүмкіндіктері бар. Ал, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасында және оның үлестес тұлғаларға суармалы жерлерге 200 гектар, жайылымдық жерлерді 86000 гектар жер учаскесіне дейін алуға мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ осы санатта ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері арқылы бастапқы алуға мүмкіндігі

тарға ұлғайтуды қарастырып отырмыз. Бұл ұлғайтудың да себебі жыл сайын малы көбейіп жатқан фермерлерге қайта-қайта жер алу қажеттігін туындатпас үшін кеңінен қарастырып берудеміз. Сонымен қатар, елді-мекеннің мал жайылымдық жерлерін, яғни, ортақ жайылымды да халық саны көбейген ауылдық округтерінің санына қарай бағыттауды да қарастырып отырмыз. Тағы да елді мекендердегі жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын шалғайдағы жайылымдарға шығару туралы аудан әкімдігінің 10.07.2023 жылғы №154 қаулысы негізінде 4025 гектар жер учаскесі халық мұқтажы үшін резервке де жер қалдырылды.

Сондай-ақ, аукцион арқылы жер учаскесін сатып-алуға да ауыл тұрғындарының мүмкіндіктері бар. Коммерциялық мақсаттағы кәсіпкерлерлік мақсатында оны дамыту кәсібін өсіруге де яғни шағын магазин немесе басқада кәсіп бастағысы келетін ауыл тұрғындарына да аукцион арқылы сатып алуға да мүмкіндік бар. Заңда көрсетілген талаптар бойынша жер кодексінің 48-баптарында көрсетілген тәртіппен яғни жер учаскесінің сызбасы нақтыланған жағдайда, мемлекеттік меншіктегі жер учаскелеріне құқықтарды сауда-саттықта (аукциондарда) алуға, Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағида-саясатының 2-тарау 4-тармақшасы жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру тәртібі арқылы жүргізіледі.

-Ғани Пәрдебекұлы! Жоғарыда айтқанымыздай, Созақ ауданы әкімінің өкімімен «Ауданымыз бойынша мақсатына сай пайдаланылмай жатқан жер учаскелеріне түгендеу жүргізу жөніндегі комиссия құру туралы» арнайы комиссия 06.04.2022 жылы құрылған еді. Осы ретте айта кетіңізші, жалпы, Созақ ауданында үй іргелік, кәсіпкерлік және ауылшаруашылықтық мақсаттағы (егістік, жайылым мен шабындық) жерлердің көлемі қандай? Жоғарыда айтылғандай, игерілмей жатқан жерлерді мемлекетке қайтару бағытында күні бүгінге дейін бөлімдеріңіз қандай жұмыстар атқарды?

-Алдыңғы сұрағыңызға байланысты жауабым: Созақ ауданының барлық жер көлемі 4104 940 гектарды құрайды. Оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы пайдаланудағы жерлер 831 581 гектар, өнеркәсіп, көлік байланыс, қорғаныс және ауыл шаруашылық емес басқа мақсаттарда пайдаланын жерлер 84157 гектар, босалқы жерлер (ауданның арнайы жер қоры) 1 888 964 гектар, орман қорының жерлері 1 034 898 гектар, су қорының жерлері 3245 гектар, елді мекендердің жерлері 261296 гектар, ерекше қорғаудағы табиғи аумақтардың жерлері 799 гектарды құрайды.

Келесі сұрағыңыз бойынша, бұл бағытта біршама атқарылған жұмыстар бар. Нақтырақ айтар болсам, 2023 жылғы мақсатына сай пайдаланбай жатқан 120,0 мың га жер учаскесін Созақ аудандық жер қорына қайтару бойынша Облыстық басқарма тарапынан жоспарланып, 120 мың гектар ауыл шаруашылық жер учаскелерін қайтару бойынша ауыл округтеріне аудан әкімінің экс-орынбасары А.Сатыбалдымен жоспар 2023 жылы сәуірдің 17 күні бекітілді. Нәтижесінде, 104411,93 га (87 пайызға орындалды) жер учаскесі аудан қорына, оның ішінде 6000 гектар жер учаскесі сот арқылы қайтарылды.

Ал, 2024 жылы мақсатына сай пайдаланбай жатқан 15,0 мың га жер учаскесін Созақ аудандық жер қорына қайтару бойынша Облыстық басқарма тарапынан бекітіліп, 15 мың гектар ау-

шын біздің тарапымыздан акті түзіліп, облыстық жер инспекциясына жолданды және аталған Жартытөбе ауылдық округі бойынша 3 (үш) агроқұрылымдарға айыппұлдар салынып, жер заңнамасының бұзылуын жою туралы нұсқама берілген. Осы мағыналас айыппұл салу бойынша Құмкент ауылдық округінің 4 жер пайдаланушысына салық салынып, жер заңнамасының бұзылуын жою туралы нұсқама тартылған. Жалпы, Жер Кодексінің 43-1 бабының 20-тармағына сай шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы алқаптарына әр бес жыл сайын мониторингтік жұмыс жүргізіледі делінген. Осыған байланысты ҚР «Жер Кодексінің» 92,94 баптарына сай облыстық жер инспекциясына хат жолданды. Тағы да 2024 жылғы

шама бөлім басшылары қосылып жоғарыда айтылған мақсаттарды іске асыру үшін арнайы жұмысшы топ құрылды. Түгендеу барысына шаруа қожалық иелері мал басын ИСЖ базасында тіркелмегендігі, сонымен қатар, бір шама кемшіліктер анықталып 45000 гектар жер учаскесі пайдаланбай жатқаны анықталды. Осы анықталған жер учаскесін мемлекет меншігіне қайтару жұмыстарын да бастап кеттік.

Осы орайда, пайдаланылмай жатқан жер учаскесіне салық салуды да қарастырып жатырмыз. Яғни, Салық кодексінің 503-бабында 10 есеге арттыру пайдаланбай жатқан жерлерге салық салу көзделуде. Жалпы, біздің міндетіміз пайдаланылмай жатқан жерлердің иелеріне сол жерлерді тиімді, мақсатына сай пайдаланып, сол жерден алатын өз өнімімізді арттырып, сол

ретте, 2,085 гектар жер анықталып, облыстық жер инспекциясына шара көру мақсатында хат жолданды. Сондай-ақ, биылғы жылы Шолаққорған ауылдық округінің Теріскей, Жеткеншек елді мекендері мен Құмкент ауылдық округінің Қызылқанат және Созақ ауылындағы Шақырық елді мекендері жойылып, осы ауыл шекараларын, шаруашылық жер учаскелерін біріктіруге ауылдардың схемаларын жаңарту жұмыстарын жүргізсек деп отырмыз.

Тағы да, Созақ ауданы бойынша 2024-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы «2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңда-

атқарған және атқарылатын жұмыстары жайында

ыл шаруашылық жер учаскелерін қайтару бойынша жұмыстар жасалып, қазіргі уақытта 15075,1 гектар жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылды және бекітілген жоспар 100% орындалды. Сондай-ақ, ҚР Жер Кодексінің 43-1 бабына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығына сәйкес мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін 2023 жылы жер учаскелерін ұзақ мерзімге пайдалануға жалға беру бойынша 2 (екі) конкурс өтіп, 62458,13 гектар (125,33 га суармалы егістік, 62332,8 га жайылым) жер учаскелері жалға берілді. Ал, 2024 жылы жер учаскелерін ұзақ мерзімге пайдалануға жалға беру бойынша 2 (екі) конкурс өтіп, 81018,1 гектар (122,1 га суармалы егістік, 80896 га жайылым) жер учаскелері жалға берілді. Тағы да Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 «Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттық (конкурс, аукцион), оның ішінде электрондық түрде, ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес сонымен қатар ҚР Жер кодексінің 48-бабына сай сауда-саттық <https://e-auction.gosreestr.kz> веб-порталы арқылы 2023 жылы сауда-саттықтың Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттық (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде жер учаскелерінің меншік құқығын сату аукционын өткізіп, 18 жер учаскесі жеке және заңды тұлғаларға сатылып беріліп, барлығы 29 083 447 теңге аудандық бюджетке аударылды. Егер нақты фактілерге сүйеніп сөйлер болсам, мақсатына сай пайдаланбай жатқан 15,0 мың га жер учаскесін Созақ аудандық жер қорына қайтару бойынша Облыстық басқарма тарапынан жоспарланып, 15 мың гектар ауыл шаруашылық жер учаскелерін қайтару бойынша пайдаланылмай жатқан жер учаскелерін анықтау мақсатында комиссия құрамымен 14.05 күні Құмкент ауылдық округіндегі тәлімі егістік жерлердегі жер иеленуші шаруалармен бірлесіп егіс екпеген шаруалардың жерлеріне анықтау жұмыстарын жүргізіп, 16 агроқұрылымдардың жалпы көлемі 2245 гектар жер учаскелері анықталып, оның 653 гектары игеріліп, қалған 1592 гектар жер телімі игерілмегендігі анықталды. Аталған комиссия 15.05 күні Жартытөбе ауылдық округіндегі тәлімі егістік жерлерді аралап, 13 жер иеленушінің жалпы көлемі 1001 гектар болса барлығы игерілуде. Осы анықталған жер учаскелеріне тиісті зерделеу жұмыстарын жүргізу мақсатында мемлекет меншігіне қайтару

бекітілген жоспарға сәйкес аудан бойынша жалпы көлемі 15075,1 га жер учаскесі ауданның арнайы жер қорына қайтарылып 100% орындалды. Бұл жөнінде жер ресурстарын басқару департаментіне 31.12.2024 жылы №40-14-01/3338 аудан әкімінің орынбасары С.Мамановтың хаты жолданды.

Мұнан бөлек, 2024 жылы Созақ ауданы аумағында бірінші рет жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алу жұмыстары жүзеге асырылды. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасы «Жер кодексінің» 84-бабына және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6-тарауына сәйкес, мемлекет мұқтажы үшін Б.Алтынсарин мектебінің алдындағы 2 кәсіпкерлік ғимаратының жер учаскесі мемлекет меншігіне сатылып алынды. Сол секілді, аудан орталығы Шолаққорған ауылына, келетін газ құбырын АГТС жақын орналасқан кәсіпкерлік нысан

өнімдерімізді шет елдерге экспорттауға дейін жеткізу үшін бірлесіп жұмыс жасап қолға алсақ деген мақсат бар. Сол себепті де, алдағы уақыттарда ауыл округтерін аралап, шаруа қожалық иелеріне жер телімдерін мақсатына сай пайдалану, көтемгі дала жұмыстарын жүргізу туралы түссіндірме жұмыстарын жүргіземіз деп отырмыз.

Егерде шаруа қожалық иелері жер телімдерін мақсатына сай пайдаланбаса егістік маусымы біткеннен кейін арнайы құрылған жұмысшы топ маусым, шілде айларында егістік жерлерді түгендеу жұмыстарын жүргізіп, пайдаланбаған жерлерге акт толтырып, облыстық жер ресурстарын басқару инспекциясына тиісті шара қабылдау үшін жолданатынын да айтып түсіндіретін боламыз.

Біздің мақсатымыз халықты, яғни, шаруа қожалық иелерін жерді мақсатына сай пайдаланбаса заңда көр-

рына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №173 «Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы» б (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 28 сәуір 2017 жылы №15090 тіркелген), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №3-3/332 «Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 15 мамыр 2015 жылғы №11064 тіркелген) б сәйкес әзірленді. Бұл бағытта да біраз жұмыстар атқаруды жоспарлап отырмыз.

-Иә, суыртпақтап отырып, көптің көкейінде жүрген біраз сауалдарымызға жауап алдық деп ойламын. Дегенмен, әлі де басы ашық сұрақтар қалуы заңдылық. Сол себепті де алдағы уақыттарда да газетімізге сұхбаттар беріп, аудан жұртшылығымен жариялы түрде жұмыс жасауға қалайсыз? Олай сұрауымыздың себебі, бұған дейін бұл бөлім басшылары біраздан бері бұлай ашық сұхбат беріп, атқарылған және алда атқаратын жұмыстарымен бөліспеген еді. Ендігі жерде, бұл қызметке жаңадан басшы боп келген өзіңізді қоғамға барынша ашық болады деп үміттенеміз!

-Сұрағыңыз орынды! Шынында, біздің бөлімге қатысты көптің көкейінде жүрген сұрақтар көп. Солардың біршамасына бүгінгі сұхбатымыз арқылы жауап бере алдық деп ойлаймын. Алайда, бір сұхбатпен аудан әкімдігінің бірдей бір бөліміне қатысты мәселелерді қамтып тастау да мүмкін емес еді. Сондықтан да, алдағы уақыттарда да ауданымыздың айнасы, «Созақ үні» газетіне сұхбаттар, мақалалар беріп, бөліміміздің атқарылып жатқан жұмыстарымен, алда атқарылатын жұмыс жоспарларымен аудан жұртшылығымен бөлісіп отыруға бармыз. Оның үстіне, жоғарыда айтқанымдай алдағы уақыттарда мониторинг жұмыстарына да өздеріңізді тартып, әріптесіп жұмыс жасасақ деген де ниетіміз бар. Бірсөзбен айтқанда, аудан азаматтарын бөліміміздің жұмыстары жайлы ақпараттандырып отыруға пейілміз!

-Әп, бәрекедді! Ниетіңізге рахмет! Ел мүддесі үшін бірлесе жұмыс жасауға біз де әзірміз. Ендеше, сол сұхбаттар менен мақалаларды алып, мониторингтік жұмыстарда бас қосқанша еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Сұхбаттасқан: Данияр БЕК, Аудандық «Созақ үні» газетінің аға тілшісі.



жер учаскесімен қоса «Мемлекеттік сатып алу сату порталында» бағалық құны жасалынып, нәтижесінде 13 004 071 тг болып бағаланды. Сондай-ақ, Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне (ЖКХ) жер учаскесінің иесімен келісім шарт жасап, мемлекет меншігіне сатып алу үшін жолданды.

- Байқап отырмын, бөлімдеріңіз бұл бағытта біраз жұмыстар атқарған көрінеді. Ендігі жерде жаңа, 2025 жылға жоспарлап отырған жұмыстарыңызбен бөлісе отырсаңыз!

- Биыл, яғни, 2025 жылы алдағы жоспарымызда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне жаппай түгендеу жұмыстарын жүргізсек дейміз. Дегенмен, бұл жұмысты жыл басынан облыстық жер қатынастары басқармасы бастаған мониторинг бөлімі мен қоса ветеринарлық басқарма, статистика басқармасынан ауданнан да бір

сетілген жауапкершілікке тартуды жоспардамыз.

Осы ретте, түгендеу мақсатында алға қойған жоспардың бірі тұрғын үйлерге қатысты. Ауыл азаматтарына табысталған мемлекет тарапынан тұрғын үй салуға тегін берілетін бір реттік жер учаскелеріне түгендеу жүргізуді де мақсат етіп отырмыз. Тағы да жер кезегінде тұрған 3000 тұрғынға қайта пайдалануға берсек деген ойымыз бар. Одан бөлек, Облыстық жер инспекциясы тарапынан жыл сайын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін мемлекет меншігіне қайтару үшін жоспар қойылады. Биылға, 2025 жылға біздің ауданға 21,000 гектар жерді жоспарға қойды. Осы жоспар бойынша аудан әкімі М.Тұрысбековтың бекітуімен жоспар құрылып, әр ауылдық округіне жіктеліп берілді. Сонымен қатар, ауыл аймақтарда, аудан орталығы Шолаққорған ауылында кәсіпкерлік мақсатында табысталған жерлерді түгендеу жұмыстары жүргізілді. Осы

«Бизнес әмиян»



“А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектеп” коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бизнес коше-

лек іске қосудың, мақсатын түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылып мектеп директоры Ә.Сағындықов, мектеп

директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Атабаева, әлеуметтік педагог Ә.Прінбетова, аспазшы Т.Құрбанқұлованың қатысуымен мектеп оқушыларының ата - аналары мен кездесу өткізілді.

Онда ваучерлерді белсендіру мәселелері бойынша ата - аналар мен ақпараттық түсіндіру жұмыстары және жүйемен жұмыс істеу ерекшеліктері түсіндірілді.

Бұл жүйе балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ата- аналарға шығындарды бақылауға және кәсіпкерлер үшін қызметті оңтайландыруға бағытталған.

“Бизнес әмиян”-мектеп аханаларында қолма-қол ақшасыз төлем жасауға мүмкіндік беретін заманауи цифрлық шешім!



ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ПРОАКТИВТІ ТҮРДЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Әрбір адам өмірге келгеннен бастап мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен тығыз байланыста болады.

Сол себепті мемлекеттік қызметтерді көрсету-бұл мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын арттыру арқылы азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне деген сенімін көтеру мәселесі ел Президентінің жыл сайынғы Жолдауларында айрықша маңызға ие.

Елімізде 1323 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер болса, оның ішінде 400-ге жуығы облыстық деңгейде көрсетіліп отыр.

Осы ретте, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын қадағалау, қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі және оның аумақтық департаменттерімен жүзеге асырылады.

Атап өту қажет, 2024 жылғы 6 сәуірде «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңға көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған түзетулер енгізілді.

Енгізілген өзгертулерге сәйкес, қызмет алушылардың құқықтары бұзылған жағдайда олардың мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға қайта жүгіну қажеттілігінен, яғни қайта өтініш беруінен олардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру тетіктері пайда болды.

Аталған өзгерістен кейін, Департаменттің ден қою шараларымен 117 қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қайта өтініш берусіз қалпына келтірілді.

Осы орайда, әр азаматқа мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңнамаларға сәйкес мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі біздің басты мақсатымыз болып табылады.

Айта кету қажет, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқықтарыңыз бұзылған жағдайда Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментіне Жаңа қала ықшам ауданы 32 көше, 16 ғимарат мекен-жайы бойынша жазбаша түрде, не электрондық түрде «электрондық үкімет» порталы немесе «E-Ötinish» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы және «Kenes 1414 official» telegram-бот арқылы жүгіне аласыздар.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мәселелері Департаменттің тұрақты бақылауында.

Абылайхан НАУРЫЗБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы,
Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

“Сыныбыммен рухани орда төріндемін”

Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінің 8-сынып оқушылары сынып жетекшілерімен бірге орталық кітапханада рухани білімдерін кеңейту мақсатында жобаға ықылас танытып, осымен бесінші мәрте келді. Олар оқыған кітаптарын талдап, шығармалардағы негізгі ойды талқылап, өз әсерлерімен бөлісті.

Бұл сынып өз белсенділігімен ерекшеленеді. Оқушылар кітап оқу мәдениетін дамытуға үлкен қызығушылық танытып, өзара пікір алмасу арқылы сыни ойлау дағдыларын жетілдірді. Орталық кітапханадағы бұл жоба жас ұрпақтың рухани дамуына ықпал етіп, олардың білімге деген сүйіспеншілігін арттыруға



зор үлес қоспақ.

«Созақ үні»-ақпарат.

Белбеу күресінен де биіктен көрінді



Газетіміздің өткен сандарының бірінде Созақ спортшыларының жаңа, 2025 жылды да жақсы нәтижелермен бастағанын сөз еткен едім. Сол сөзім тағы да расталды. Нақтырақ айтсам, қаңтар айының 31 мен ақпан айының 2 аралығыда Отырар ауданы, Шәуілдір ауылында Белбеу күресінен 2008-2009 ж.т жасөспірім ұл-қыздар арасында Түркістан облысы чемпионаты болып өтті. Оқшсыз спорт кешенінде өткен облыстық жарысқа ұл-қыздар арасынан

жалпы саны 130-оқушы қатысты, яғни, аудандардан келген командалардың саны 7-ні құрады. Сол 7 команданың қатарында Созақ ауданының құрамасы да болды. Әрине, жарыс болған соң бәсеке болуы заңдылық. Сол байрақты бәсекеде Созақ аудандық БЖСМ-нің бапкерлері:

Сәбит Арысбаев Марғұлан Саржанов Талғат Сиязбеков Дархан Әбдірахман Жеңіс Садуақасов және Созақ ауданының аға жаттықтырушысы Дәурен Дәмендер ба-

стап барған спортшыларымыз жақсы өнер көрсетіп, жалпы командалық есепте III орынды иеленді. Атап айтар болсақ облыстық жарысқа ауданымыздың атынан барған балғын балуандарымыздың белдесулерінің нәтижесі мынадай болды:

50-кг Рахманғали Сұлтан I орын;
60-кг Әбдіқұл Ғажап III орын;
60-кг Айтқожа Асыл II орын;
65-кг Қадыр Саят III орын;
80-кг Өтеген Қуаныш I орын;
+90-кг 1-орын Сүйінбай Аян I орын;

Нәтижесінде, Созақ спортшылары сәуір айының 3-5 күндері Шымкент қаласында өтетін Қазақстан чемпионатына қатысуға себеп болатын 4-жолдама жеңіп алды. Ендеше, барша Созақ спорт сүйер қауымының атынан балғын, белді балуандарымызға республикалық біріншілік те де «сәттілік серік болсын!» - дейміз! Аудан, облыс және республикаға танымал бапкерлеріміз дайындап жүрген балуандарымыздың бабы мен бағы келісе берсін!

Данияр Құл-АХМЕДУЛЫ.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданының Шу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде +7 (72546) 2-31-72, 8 700 467 93 49 телефонына хабарласуға болады.

«Созақ ауданының Шу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Балалардың дұрыс тамақтануы туралы

Тамақтану – ағзаның өмірлік қажеттілігі болып саналады. Ол адамды сумен, энергиямен қамтамасыз етеді. Балалар организмді үнемі өсіп, дамып отыратындықтан олардың зат алмасу процестері елеулі өзгерістерге ұшырайды. Балалардың тамақтануының рационалды болуы, тамақтанудың тәртібін дұрыс ұйымдастырғанда ғана мүмкін. Ол үшін төменде көрсетілген шаралардың орындалуы қажет: тамақтану уақытын және уақыт аралықтарын қатал сақтау; Тамақ қабылдаудың физиологиялық рационалдылығы; жеке тамақтану уақыттарына сәйкес, тағамды мөлшері мен сапасына байланысты дұрыс бөлу; Балалардың тамақтану жағдайы және тамақтану кезіндегі балалардың тәртібі. Санитарлық дәрігер ас мәзірін құрастырған кезде мынадай негізгі қағидаларды білуі керек: тамақ рационы балалардың жас мөлшеріне сәйкес дене еңбегінің жүктемесіне, жыл мезгіліне, климатқа байланысты алынған тағамдық заттарға және энергияға қажеттілігіне сәйкес болуы қажет. Жаз мезгілінде энергия шығыны ұлғаятындықтан, тағам колориясын 10%-ға жоғарылату қажет; ас мәзірі балалар мекемелерінің қызметінің ұзақтығына байланысты 3-5 ретке есептелінеді. Ас мәзірі әрбір типтегі балалар мен жасөспірімдер мекемелері үшін бекітілген негізгі тағамдардың түрлеріне байланысты жасалады. Ет пен балықтан жасалған тағамдарды таңертеңгі және түскі асқа, ал кешкі асқа сүт, көкөніс және жармадан жасалатын тағамдар ұсынылады. Рационның құрамында күнделікті міндетті түрде ет, балық, сүт, сары май, көкөніс, нан болуы керек; ас мәзірі әртүрлі тағамдардан құралады. Бір күндегі тағамдардың түрлері қайталанбауы тиіс; Барлық балалар мекемелерінде, Медициналық Ғылым Академиясының тағам институты жергілікті жағдайларға байланысты ұсынылған үлгі ас мәзірін негізге ала отырып, екі апталық ас мәзірі жасалады. Сонымен қатар «жазғы» және «қысқы» деген тағы екі ас мәзірі дайындалады. Тағам рационының колориясын және химиялық құрамын анықтау, арнаулы кестелер мен балалар тамақтануына арналған нұсқаулар бойынша жүргізіледі; Күнделікті үлгі ас мәзірінің негізінде, құрамында әрбір тамақтану мерзіміндегі тамақтардың тізімі және осы тағамдардың барлығының массасы мен жеке түрлері көрсетілген сұрыптама ас мәзірі жасалады. Сұрыптама ас мәзірінде тамақтанатын балалар мен қызметкерлердің де саны көрсетіледі; ас мәзірінде көрсетілген кейбір тағамдар болмаған кезде, олардың бірін бірі алмастыра алатын тағамдардың кестесін қолдана отырып, химиялық құрамы жағынан сәйкес келетін тағамдармен ауыстыруға болады; балалар рационында, ас қорыту органының қызметін жақсарту үшін күрделі тағамдар (қара бидай наны, ботқасы, В тобындағы витаминге бай тағамдар болу керек); сондықтан балаларды жастайынан дұрыс тамақтану тәртібіне үйреткен жөн!

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ басқармасының басшысы.

БЖЗҚ туралы өзекті сауалдар

-Айтыңызшы, БЖЗҚ-дан берілетін төлемдер бойынша 2025 жылы өзгерістер бола ма?

-Еңбек сіңірген демалысқа 2025 жылға дейін шыққан зейнеткерлерге БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері 1 қаңтардан бастап 5% ұлғаяды.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-дан берілетін төлемдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы қаулысымен бекітілген Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады. Әдістемеге сай, зейнетке шығатын азаматтарға ай сайын берілетін төлем былай есептеледі: төлем ала бастайтын алғашқы жылы зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының 6,5% төлем мөлшерлемесіне көбейтіліп, 12-ге бөлінеді. Одан кейінгі жылдары ай сайынғы төлем зейнетақы төлемдерін индекстеудің 5% мөлшерлемесіне ұлғайып отырады. Бұл ретте БЖЗҚ-дан берілетін ай сайынғы төлем республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің (бұдан әрі - КД) кемінде 70% мөлшерінде жүзеге асырылады (2025 жылғы ең төменгі күнкөріс деңгейі - 46 228 теңге).

Мерзімсіз уақытқа белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеп, зейнет жасына толған, олардың пайдасына жиынтығында кем дегенде алпыс ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген адамдар сияқты белгілі бір санаттағы алушылар үшін Әдістемедің ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін арттыратын түзету коэффициенттері көзделген. Жоғарыда көрсетілген шарттардың біреуінен артығын қанағаттандыратын адамдар үшін ең үлкен мәнге ие түзету коэффициенті қолданылады.

БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

-Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының 2025 жылға арналған мөлшерлемесі қандай?

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының (ЖМЗЖ) мөлшері ұлғайды. Қазір ол - 2,5%.

Естеріңізге сала кетейік, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанның жинақтаушы жүйесі жаңа құрамдауыш - жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасымен (ЖМЗЖ) толықтырылды. Қолданысқа енгізілген өзгерістерге сай, әрбір жұмыс беруші қызметкерлердің кірістерінен төленетін 10% міндетті зейнетақы жарналарынан (МЗЖ) бөлек, өз қаражаты есебінен 1975 жылғы 01 қаңтардан бастап туған қызметкерлерінің пайдасына қосымша жарна төлеуге міндеттелді. Жыл сайын ЖМЗЖ мөлшері кезең-кезеңімен өсіп отырады (2024 жылы 1,5%, 2025 жылы 2,5%, 2026 жылы 3,5%, 2027 жылы 4,5%) және 2028 жылы 5% жетеді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Бруцеллез ауруы сиыр, қой, ешкі, түйе, шошқа, малының арасында жиі кездеседі. Адамдар үшін бұл аурудың қой, ешкі малының арасында болатын түрі өте қауіпті саналады. Жас төлдер бұл ауруға бастапқы кезде төзімділік байқатса да өсе келе жыныстық күйі жетілген кезде шалдығатын болады. Аурудың мал арасында кең тарауына бірден-бір себептің тигізетін жайттар: малдың азықтануының толық болмауы, орындарының лайықсыз болуы, сондықтан айтылған жағдайлар

керілуі тиіс. Малдың организміне енген бруцеллездің қоздырғышы лимфа бездеріне жинақталып, одан әрі қан жүйесіне еніп, бүкіл денесіне тарайды. Олардың ең бір өсіп-өніп көбеюіне қолайлы жері малдың жатыры болып саналады. Соның салдарынан малдың жатыры түрлі өзгерістерге ұшырап, буаз малдың іш тастауына душар етеді және олар бұл аурумен созылмалы түрде ауыратын болады. Бруцеллез ауруы малда созылмалы және бүркемелі (латентті) түрде өтеді. Ауру-

тексерілмеген малдарға күтім жасауына, олардың төлдерімен ойнауына жол бермеу;

-мал күтіміне кіріспес бұрын, арнайы киім кию;

-бұл киімдермен тұрғын үйге кірмеу;

-жұмысты аяқтағаннан кейін қолды сабынмен мұқият жуу;

-ауру мал тұрған қораларда тамақ ішпеу, темекі шекпеу;

-малдәрігерінің алдын-ала қарауынсыз малды союға жол бермеу;

-малды союды аулада

Бруцеллез аурынан сақтану жолдары

қатаң ескерілуі тиіс. Тағы бір ескертетін нәрсе, ол ауырған малдың сырт белгілерінен оншалықты көрер көзге байқалмауы, соның салдарынан олар басқа малмен бірге жүріп аурудың қоздырғышын үнемі бөліп, айнала қоршаған ортаны ластайтындығы. Сол себепті ауырған мал шыққан жерлер бұл аурудың тұрақты залалды орны болып есептеледі. Бұл аурудың ең көп байқалатын уақыты малдың төлдеу кездері болып саналады. Іш тастаған мал 2 ай шамасындай уақыт жыныс жолдары арқылы аурудың қоздырғышын бөлетін болады.

Аурудың қоздырғышы жем, су, астау, айыр, күрек, т.с.с. заттарға жұғуы себепті, ол заттар да бұл аурудың кең тарауына себептің тигізушілердің қатарына жатады. Тіпті ауру мал жайылған жерлердің өзі де бұл аурудың қоздырғышымен залалдануы себепті оны таратушы болып саналады. Сол сияқты, ауру малды бағып-күтуші адамдардың өздері де қолына не киіміне аурудың қоздырғышы жұққаннан ауру таратушылардың бірі болып есептеледі. Сондықтан да осы айтылған жайттар қатаң ес-

кең қоздырғышы жұққаннан 14-20 күн өткеннен кейін малдың қанында агглютинин пайда болады. Аурудың қоздырғышы жұққан буаз мал 5-8 айлығында іш тастайды, ал егер де ол бойдақ малға жұққан болса, онда олар латентті түрде ауыратын болады. Бруцеллез ауруынан малды сақтандыру, сауықтыру мақсатында мына төмендегі малдәрігерлік, санитариялық шаралар іске асырылуы тиіс:

Алдын-алу шаралары:

Бруцеллезді жұқтыруды болдырмау үшін, әрбір адам келесі ережелерді қатаң сақтауы қажет:

-шаруашылыққа әкелінетін малдың дені таза болуы, яғни олардың бруцеллез ауруына тексерілгендігі жөнінде малдәрігерлік құжаты; (ветеринариялық анықтама) -басқа жақтан әкелінетін мал бақылауға алынып, бруцеллезге қайталап тексеріліп, малдың сау екендігіне көз жеткізгеннен кейін басқа малдарға қосып бағуға рұқсат ету;

-жыл сайын малдарды бруцеллезге тексеруден өткізу;

-малда түсік тастау жағдайын тез арада малдәрігеріне хабарлау;

-балаларды бруцеллезге

емес, мал сою пункттерінде жүргізу;

-жеке адамдардан мал сатып алғанда малдәрігерінің рұқсат қағазын талап ету;

-ет және сүт өнімдерін қатаң белгіленген орындардан алу (базарлар, дүкендер, үлкен сауда нүктелері). Сондай-ақ мал қожайыны малдағы іш тастаудың, төлдің өлі туылуының әрбір жағдайын малдәрігерлеріне хабардар етуге міндетті.

- Аурудың таралуына жол бермеу мақсатында жылына екі рет бруцеллезге диагностикалық тексеру жүргізіледі.

-Бруцеллез бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу тәртібіне сәйкес мал иелері ауру жануарларды басқа жануарлардан оқшаулап, күнтізбелік 15 күннен аспайтын мерзімде ет комбинаттарына немесе сою пункттеріне санитариялық союға өткізуге міндетті. Малды санитариялық союға өткізгеннен кейін, ауру мал тұрған қораны ветеринариялық қызмет мамандары дезинфекциялау үшін қи мен жемшөптен тазарту қажет.

Е.АНАРБАЕВ,
Эпизоотолог маманы.

Бәріміздің қорғау міндетіміз

Табиғат ресурстары тозбайтын, жоғалмайтын мәңгілік дүние, болмаса, сарқылмайтын қазына емес.

Сондықтан орманды алқаптардың құрпы кетіп, жоғалуына жол бермей, көзін жоюдан аулақ болайық. Сексеуілдің басты пайдасынан гөрі, бір күндік жылуын, кәуап дайындауға таптырмас отын екендігін ойлап, ысырапсыз жарататындар көп. Мың күндігін емес бір күндігін ойлап, табиғатқа залал келтіретін жандар жетерлік.

Ауданымызда сексеуіл ағашын сындыруға рұқсат жоқ екенін біле тұра қыстық тамызық отын ретінде пайдалану әрекетінде кейбір кісілер заңға қайшы әрекетке барып жатқаны жасырын емес.

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессең, он тал ек» деген қағида барша-мыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауынды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға ықтасын пана беріп, жейтін азық болатынын естен шығармайық.

Қанат АХМЕТБЕК,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Сексеуілді алуға рұқсат жоқ!

Ауданымыздың баға жетпес табиғи байлығы сексеуіл ағашы екенін тағы да естеріңізге саламыз.

Сексеуіл құмды шөлдің қорғаны болып табылады. Олай дейтініміз құмды бекітіп ұстап тұрады. Сексеуілдің жас өскіндері түйеге, қойға жақсы азық. Оның себебі жас бұтақ жапырақтың қызметін атқаратын болғандықтан құрамында малға қажетті барлық органикалық заттар болады және көп суы бар. Бұл малға бір жағынан азық болса, екіншіден сусын. Сексеуіл шөлдің тірі қазба байлығы болып табылады. Оның себебі отқа жаққандағы қызуы жағынан нағыз қазба байлық тас көмірден кем түспейді. Сексеуіл күлінен сақар (тыңайтқыш) өндіріледі. Сексеуілдер қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтап тұруда ерекше орны бар. Дүлей соққан желден құм көштерін тоқтатады. Сексеуілдерді қорғаныш ететін жан-жануарлар мен жәндіктер қаншама. Әсіресе тұз тағылары киіктерге сексеуілдер арасы өсіп өнулеріне өте қолайлы.

Сексеуілдің заңмен қорғалатынын тағы да естеріңізге сала отырып, оны сындыруға және сауда нүктелерінде сатуға тиым салынғанын және қатаң түрде жазаланатынын ескертеміз.

Жасұлан ТАҒАТОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман шебері.

ӘУЛИЕ АТАЖҰРТ, КИЕЛІ ҚҰТ МЕКЕН...

(Жалғасы. Басы өткен санда).

ӘУКЕ АНА ӘУЛИЕ

Қарақұр ауылынан 25-26 шақырымдай төменде «Әуке» деген атырап бар. Бұл жер осы кісі атымен аталған. Шу өзені бойына баратын үлкен күре жолдың шығыс жағындағы төбеде бейіті тұр. Басындағы әуелгі белгісі тозып, бүгінгі таңда ескерусіз жатыр. Әуке әулие Теріскей өңіріне белгілі Тәулет батырдың жұбайы көренеді. Ертеректе- деп бастады әңгімесін Раң ауылының тұрғыны, Тілеубек Ыбырайымұлы, - бала күнімде есіткен әңгімеге қарағанда, қазіргі қарашеңгел деп аталатын жерден екі жарым-үш шақырымдай солтүстікте бөлекше құмтөбе болатын, қазір де бар. Сол құмтөбенің бір шетінде солтүстікке қарай ағатын өзеке бар. Сол өзеке тің бойында бұрын құдық болатын. Құдықпен іргелес зират та болуы керек, өйткені ел ақсақалдары сол құдықтың жанындағы құмтөбені «Әуке әулие» деп атап, басына Құран оқып отыратын. Күні бүгінге дейін де солай атайды, дегенмен сирек аталып барады. Кезінде басында белгісі болған, бірақ бүгінде басында айрықша белгісі жоқ, құлап жермен-жексен болған, төбеге айналған. Дегенмен «Әуке әулие» аталатын сол мекенді сырттай бақылап қараса, бұл ара ерте қоныс болған жер екені анық байқалады.

Әуке әулие аса көрікті кісі болған екен және жергілікті халық оны «Аналық ақ ниеттің киесі» деп атайды. Қасиеті: Әйелдерге ақыл-парасат, жігерлі төзім, күш-қуат береді. Шаңырақ иесін сыйлау, қадірлеуді уағыздайды. Дәрігерлер жоқ кезде екі қабат аналар «Аққол ана» деп шапағат тілеп түнеген екен, әрегідік әлі де солай ойлап, сирек болса да көнекөз әжелер немере келіндерін арнайы басына апарып, дұғаларын оқып отырады екен.

БЕКЕТАЙ ӘУЛИЕ

Басына қойылған белгісі мен қабірі Теріскейдегі Қарақұр ауылының батыс жағындағы «Теректі шеңгел» деген жерде орналасқан. Жаугершілік заманда батыр, найзагер атанған көрінеді. Қасиеті көп. Батырлықтың, қара күштің пірі. Сонымен қатар сенім мен серттің, адалдық пен пәктіктің де рухы. Оны ел ішіндегі аңыздар айтады. Сондай аңыздың бір дерегінде, бұл кісіні жетімдер руынан шыққан Үсембай датқаның батыры болған, өте сенгіш, әрі аңқаулығы бар аңғал кісі болған көрінеді. Мұсылман айтса құп көреді екен. Жасынан әулие атаныпты. Айтқаны мен дегені келіп, елге төнген қауіпті алдын ала біліп отыратын көріпкел болған көрінеді. Елдің айтқандарына сенгіш, жылап елгендердің мұңына жанашыр да боған деседі. XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген.

Қарақұр жайлауын ертеде Жетімдер (Сұрқүйік) жайлаған екен. Солардың бір атасы Қаратаудың теріскей беткейіндегі Шоқтас деген ауылда тұрған. Сол ауылда Үсембай деген дәулетті кісі өмір сүріпті. Ол кез-елдің Қоқан хандығына бағынып тұрған кезі екен. Сол



Қоқан хандығының Қазығұрт тауының бөктеріне билігі жүріп тұрған Беклер бек деген бір бегі «Төсек жаңғыртқым келеді. Маған өзіме қарасты жерлерден қалыңдық іздеңдер»— деп елге хабар салады. Содан Беклер Бегінің шабармандары ауыл-ауылды аралап жүрсе, қазіргі Түркістанға қарасты Шоқтас ауылында бір ренді қыз бидай суғарып жүреді. Шабармандар сұрастырса, Үсембай байдің інісі Өтемәлі дегеннің қызы екен. Үнсіз кеткен шабармандар Беклер бегіне барып: «Сізге лайықты қыз табылды» деп мән-жайды айтады. Көп ұзамай жаушылар келіп, қызды жасауымен алып кетеді. Екі жылдан соң Беклер бек қайын жұртын шақырып, Үсембай бай ағайындарымен құдалыққа барады. Ұзақ жолдың қауіпінен қорыққан Үсембай орта бойлы, дегенмен ер тұлғалы, батыр әрі өр мінезді бір туыс бауыры Бекетайды қасына ертіп алады. Жолай Үсембай: «Егер Беклер Бегі «Не бұйымтайың бар?» деп сұраса жауап берермін деп өзінің бұйымтайын іштей ойлап алады. Сондағы бұйымтайы Теріскей Қаратаудың жанға жайлы, малға сайлы, егістік үшін құнарлы Қарақұр қойнауы екен. Ол кезде ол араны өзбектер жайлаған екен.

Содан құдалықтың сый-сияпаты жасалып, ас-суы ішіліп, өзара танысып болған соң, қоштасар кезде Беклер бек Үсембай байдан: «Енді не бұйымтайың бар?» деп сұрайды. Сонда Үсембай бай: «Бізге мынау Шоқтастың жайы тарлық болып жатыр, сондықтан бізге Қаратаудың арғы беткейіндегі Қарақұр өзені бойындағы қойнауы алып берсеңіз. Шоқтасты Байзақ датқаға қалдырсақ»-дейді. Беклер бегі келісімін беріп, қағазын алып, мөрін басып және Үсембай байді сол елдің датқасы етіп сайлап: «Егер өзбектер анау-мынау десе сөзді көбейтпей алып бересіңдер?» деп қасына өзінің жасауылдарын қосып беріпті. Содан Үсембай датқа Қарақұр өзені бойына көшеді. Осы оқиғаның басы-қасында болған Бекетай батыр кейін Үсембай датқадан ойындағы жерін сұрайды, бірақ пенделікке салынған Үсембай датқа ол жерді бермейді. Сонда ренжіген Бекетай: «жарайды ол жерді бермесең берме, онда маған Теректі шеңгелді жайлауын бер, мен сол араны жайлаймын»-деп Теректі шеңгелдіге көшіп кеткен екен. Өмірінің соңына дейін сол араны жайлап, әділдігімен, шыншыл-

дығымен және өзінің әулетіне өзгерлерден тісін батырмай өмір сүреді. Дүниеден озғанда қабірі де сол араға қойылған екен. Дегенмен Бекетай батыр ел есінде сенгіш, әрі көріпкелдік қасиетімен сақталған. Исі мұсылман айтты десе, «Құп!» деп отыратын сенгіштігімен сақталған екен.

Жетімдер елінің Бекболат дегене болысы бір ағат тірлігі үшін әулие бабадан кешірім сұрап, басына мал шалып, Құран оқытып, төртқұлақты белгі тұрғызған екен. Ол белгі бүгінде қараусыздықтан тозып, құлаған. Бекболат болыс салған құрылысқа қайта жөндеу жұмысы жүргізілмеген. Жаңбыр қар сулары мен теріскейдің дуалды өтінде тұрған белгі мүжіліп, жермен-жексен болған. Бүгінде құлаған сағана орнын темір шарбақпен қоршап қойған. Ел ішінен жиналған әңгімелерге қарағанда, Бекболат болыстың сағана салуының да өзіндік себебі бар екен. Бірде Арқа елінде үлкен ас болып, бәйге жарыс болатындығы туралы хабар жер-жерге тарайды. Бекболат болыс бәйгеге атын қоспақ болып, жолға шығады. Жолай «Теректі шеңгел» қорымындағы Бекетай әулиенің басына барып: «Бекетай осы атымды бәйгеден келтіріп, ұрпағының абыройын асқақтатсаң-басына белгі соғам, келтірмесең білгенімді істеймін» - деп асылық сөз айтыпты. Аты бәйгеден келген болыс ата әуағына риза болып, қайтарында «Теректі шеңгел» қорымына түнейді. Бойын мақтаныш пен мансап билеген болыс Құран түсіріп, бата жасамастан жатып қалған екен. Сонда Бекетай әулие түсіне кіріп: «балам-ай сенің атыңды сүйрейді деп иығымды шылбыр қиып кеткенін қарашы»-депті. Орнынан шошып тұрған болыс, шала шарпы білгенін айтып, бабасының шын әулие екеніне сеніпті. Риза болған болыс басына мал шалып, Құран оқытып, ағаттығына кешірім өтініпті. Бабасының басына төртқұлақ белгі тұрғызып, берген уәдесін орындаған екен. Осындай әңгіменің бірі Бұқарадағы үлкен мектепті бітірген замандасы дуахан Рысбекке байланысты да айтылады: Бекетай әулие өлерінде замандасы дуахан Рысбек атты молдаға: «Мен өлген соң сен бес жылдан кейін дүние саласың. Сен де білім, жөнде кереметтер бар. Екеуіміз бір жатайық»-депті. Бекетай әулие қайтыс болған соң, бес жылдан соң әулиенің айтқаны дәл келіп, оның көріпкелдігіне тәнті болған ау-

ылдастары аманатын орындаған көрінеді. Бүгінде Теріскейдегі Қарақұр ауылының батыс жағындағы «Теректі шеңгел» қорымында Бекетай әулие мен замандасы Дуахан Рысбек молда қатар жатыр»-дейді білетін адамдар.

Әулие ата қасиеті-адал ниетті жандарды желеп-жебеуші. Түрлі бәлекеттен сақтаушы. Қиналғанға қамқоршы, жарылқаушы, қорғаушы. Қиналған жандарға күш-жігер, төзімділік, сабырлық дарытушы. Қарапайым да қайырымды жан ретінде сұрағанын беретін қасиет иесі.

БЕЛГІСІЗ КИЕЛІ ҚАБІР

Раң ауылынан шығатын күре жолдың бойында, қаратау-Созақ асфальт жолына барып қосылатын жолдың іргесінде, шамамен ауылдан шыққан соң бір шақырымдай жерде ерекше, ұзын бір қабірдің орны бар. Айналыра қоршап қаланған тасы жермен бірдей болып қалған, бірақ байқап қараған адамға анық білінеді. Бас жағына, яғни солтүстік-батысына үлкен бір тас қойылған. Басында одан басқа белгісі жоқ. Тілеубек Ыбырайымұлы: «Осы орынды әкелеріміз «Бұл киелі кісі деп» басына барып арнайы құран бағыштап отыратын, сондай-ақ қасынан өткен кісілер аттылы болса атынан түсіп, жаяу болса басына отырып Құран бағыштайтын. Бала күнімізде талай көргенмін және сол жерге байланысты есіткен әңгімеміздің бірінде былай болған екен: XX ғасырдың 40-шы жылдарының маңайында болса керек. Қарашеңгелде отыратын ауылдың бір кісісі түйесімен тауға бір шаруасымен келіп, жүгін артады да осы қорымның қасынан өтіп бара жатып: « мына кісі не деген ұзын адам өзі жарықтық?» деп ойлайды. Сол –ақ екен түйесі «Бух!» дейді де шөгіп қалыпты. Әлгі кісі түйесін әрі сабалап, бері сабалап тұрғыза алмайды. Дегенмен ескіліктен хабары бар кісі екен, шамалы уақыттан соң: «жаңағы ойым дұрыстау болмады-ау» деп, бір дұға жасайды. Содан түйесі жүріп айдауына жүрген екен. Осы оқиғадан соң әлгі кісі:

«Ары бері өткенде қабірге дұға жасап жүріңдер. Ол қабірге қарап дәрет сындырмаңдар. Жаман ой ойламаңдар, үстін баспаңдар, малдарың аяқ асты етпесін. Негіз сондай қасиеті бар адам болуы керек, жарықтық» деп ел жұртқа айтып жүрген екен. Содан бері ел-жұрт бұл орынды да киелі мекен санаған» дейді.

Қайсібір жылы Раң ата ауылына келетін жолды салып жатады. Сонда Тілеубек қария құрылысшылардың алдынан шығады да, жолдың құрылысын тура қабірдің үстіне қарай сызып жатқан техникасын тоқтатып: «Мына жерде қасиетті бір адам жатыр. Бұл жайды біздің ауыл құрметтеп, құран бағыштап отырады. Жолдың үстінен жүргізбей, шеткерек алсаңдар дұрыс болар еді»-деп ескертеді. «О-о, көке болды!»-деп тура қабірдің үстінен өтетін жол құрылысың сызбасын 5-6 метрдей батысқа қарай жылжытып сызған екен.

Жинақтаған:
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.
(Жалғасы бар).

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС**Меншік иесі-****"Созақ үні" газеті редакциясы"**
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі**Директор:**
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович**Бас редактордың уақытша****міндетін атқарушы:****Мақсат Қарғабай****Жауапты хатшы:****Мақсат Қарғабай****Редакция құрамы:**

Аға тілші-

Данияр БЕКОВ

Тілшілер-

Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**Біріжан ЖАНДӘУЛЕТОВ**

Дизайнер-

Асхан БАҚТЫБАЕВ

Терімші-

Бағила АЯЗБАЕВА

Фототілші-

Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығымен, ақпарат агенттігін және желілік басшылығы есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450**Редакцияның мекен-жайы:** 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3200 дана**Кезекші редактор:**

М.Қарғабай.